



**КеҚ «Марат Оспанов атындағы Бастыс Қазақстан медицина
университеті»**

№1 Ішкі аурулар кафедрасы

РЕЗИДЕНТУРА

**«Ревматология
ересектер, балалар»**



Кафедраның кадрлық потенциалы

№1 Ішкі аурулар кафедрасында 4 профессор; 2 доцент, 7 ассистент, 1 офис-менеджер қызмет етеді. Ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер - 50,0%. 13 оқытушының 7 - уі жоғары біліктілік санатына ие.

Оқытушылар мен клиникалық тәлімгерлердің тізімі

№	Аты - жөні	Лауазымы	Ғылыми дәрежесі / атағы	Біліктілік санаты
1.	Базарғалиев Е.Ш.	№1 ішкі аурулар кафедрасының жетекшісі	м.ғ.к., ассоциир. профессор	Жоғары
3.	Жаманкулова Д.Г.	Доцент	м.ғ.м.	Жоғары
4.	Мақашова М.С.	Ассистент	м.ғ.м.	Бірінші
5.	Каратаева Ж.С.	Ассистент	-	Екінші
6.	Алиева М.Б.	Клиникалық тәлімгер	Облыстың штаттан тыс бас ревматологы	Жоғары

Білім беру қызметі

Мамандығы	Ревматология ересектер, балалар
Оқу ұзақтығы	2 жыл
Квалификация	Дәрігер ревматолог (ересектер), Дәрігер ревматолог (балалар)
Игерілетін пәндер	Стационардағы ревматология, ересектер, Амбулаторлы – емханалық ревматология, ересектер, Стационардағы ревматология, балалар, Амбулаторлы – емханалық ревматология, балалар және таңдау компоненті

Резидентураның білім беру бағдарламасы:

- базалық және бейіндік пәндерді оқытуды қамтитын теориялық оқыту: (дәрістер, екі нысанда жүзеге асырылатын практикалық сабақтар: теориялық оқыту-семинарлар, клиникалық және теориялық талдаулар, шағын топтарда жұмыс, пікірталастар; клиникалық оқыту-стационарда пациенттерді курациялау, амбулаториялық жағдайда пациенттерді қабылдау, баяндамамен түнгі кезекшілік, ауыр пациенттерді қарауға қатысу және консилиумдар);
- әр пәннің аяқталуы бойынша қорытынды бақылау;
- бір академиялық кезең аяқталғаннан кейін аралық аттестаттау (келесі оқу жылына ауыстырумен жартыжылдық, жылдық қорытынды);
- резидентураның соңында мамандық бойынша қорытынды мемлекеттік аттестаттау.

Клиникалық базалар

№1 Ақтөбе медициналық орталығы (Aktobe medical center) базасында орналасқан.

АМС -заманауи медициналық құрылғылармен жабдықталған, жоғары білікті мамандары және медицина саласындағы озық технологиялары бар облыстың ең ірі ауруханаларының бірі. Аурухана базасында ревматологиялық керуеттер бар, барлық ревматологиялық нозологиялары бар пациенттер ауруханаға жатқызылады, оларға жоғары мамандандырылған медициналық көмек (гендік-инженерлік терапияны қоса алғанда) көрсетіледі.

Кафедра орналасқан негізгі базадан басқа, оқыту Ақтөбе облыстық балалар ауруханасы базасында, сондай-ақ амбулаторлы ұйымдарда өтеді.



Ғылыми-зерттеу жұмысы

Резиденттер кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына тартылады, халықаралық ғылыми конференцияларға баяндамамен қатысып, мақалалар мен тезистер жариялайды.

